



**БҰЙРЫҚ**

« 01 » 03 2016 ж.г.

Қызылорда қаласы

**ПРИКАЗ**

№ 45-Ө

город Кызылорда

**Банкроттықты басқарушыны  
босату туралы**

«Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 7 наурыздағы Заңының 12-бабы 11-тармағына, 89-бабы 2-тармағы 17) тармақшасына сәйкес және Ә.Ә. Тасымовты банкроттықты (конкурстық) басқарушы міндетінен өз еркі бойынша босату туралы 2016 жылғы 24 ақпандағы «Өндірісқұрылысзаттары» ЖШС-нің кредиторлар комитеті отырысының хаттамасы негізінде, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Банкроттықты (конкурстық) басқарушы Тасымов Әділет Әлібекұлы «Өндірісқұрылысзаттары» ЖШС-нің БСН 050540007866 мүліктері мен істерін басқарудан өз еркімен босатылсын.

2. Тасымов Әділет Әлібекұлы үш жұмыс күні ішінде банкроттың құрылтайшылық құжаттарын, есепке алу құжаттамасын, банкроттың мүлкіне құқық белгілейтін құжаттарды, банкротқа тиесілі мөрлерді, мөртабандарды, материалдық және өзге де құндылықтарды жаңадан тағайындалған банкроттықты басқарушыға беруді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Борыштармен жұмыс басқармасының басшысы Б. Ақжігітке жүктелсін.

Департамент басшысының  
міндетін атқарушы



М. Қалдарбеков